АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАҚАТ АУДАНЫ
ДОССОР КЕНТІ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ДОССОР
МАКАТСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

20 24 жылғы " 22 " сәуір № 171-ө " " 20 года

Доссор кенті поселок Доссор

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 37 бабының 3 тармағын, облыс әкімінің 2024 жылғы 07 сәуірдегі №3 «Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешімін басшылыққа алып, аудан әкімі Р.Ибрагимовтың су тасқынының алдын алуға қатысты өткен жиынның 03.04.2024 жылғы және 08.04.2024 жылғы хаттамаларына сәйкес:

1. Кент аумағында су тасқынының алдын алу мақсатында бөгеттер салу үшін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға 13 000 000 (он үш миллион) теңге бөлінсін.

2. Бюджеттік бағдарлама аясында қаражат бойынша жұмыстарды ұйымдастыру кент әкімі аппаратының бас маман-есепшісі Ж.Бердыгалиеваға жүктелсін.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, құжаттарды рәсімдеу бас маман М.Нургалиеваға жүктелсін.

4. Бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды өзіме қалдырылсын.

Негізмеде: аудан әкімі Р.Ибрагимовтың су тасқынының алдын алуға қатысты өткен жиынның 03.04.2024 жылғы және 08.04.2024 жылғы хаттамалары, Доссор кенті бойынша қоғамдастық жиналысының 17.04.2024 жылғы №8 хаттамасы.

Кент әкімі **А.Космагамбетов**

Танысты: М. Нургалиева

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ

АКИМ АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ШЕШІМ

2024 жылғы 7 сәуір

Атырау қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 3

город Атырау

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзібасқарутуралы» Қазақстан Республикасының Заңының 29-бабы, 1-тармағының 11) тармақшасына, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 48-бабына, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 10 мамырдағы №240 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32469 болып тіркелген) белгіленген Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың Сыныптамасына, Атырау облысының Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясының кезектен тыс мәжілісінің 2024 жылғы 6 сәуірдегі №5 хаттамасына сәйкес Атырау облысының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Атырау облысының аумағында табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып тағайындалсын және оған табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкмі **С. Шәпкенов**